

Қамқоршылық кеңесі отырысы

№2 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 14.12.2022 ж.

Өткізілген орны: «Аққу» бөбекжай» КМҚК

Отырыстың басталуы: 13.30 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 14.30 сағ.

Қатысқандар: 11 адам

Күн тәртібі:

1. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары
2. Бала құқығының қорғалу жағдайы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Ж.Г.Шертышева балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәрумендітерапия С дәрумені, сонымен бірге жеміс-жидектер, соктар, салаттар беріледі. Қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Далаға шығып, таза ауада серуендеп, бала бойын сергітеді. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді: Жырғауқызы Мөлдір: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын,-деді.

Ермекбаев Тоймурат: балабақшадағы науқастанудың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын. Әсіресе қыс мезгілінде вирусты аурулардың алдын алуға көмектесетін жеміс-жидектер бала денсаулығы үшін өте қажетті дәрумендер береді –деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Сәрсембеков Хибатулла Мирзанович қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, бөбекжай директоры м.а. З.К.Саттарова бала құқығының қорғалуы бойынша хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстанда қабылданған «Бала құқығы туралы» Заңның баптарында көрсетілген бала құқығын қорғау бойынша балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Баланың денсаулық сақтау құқығы бойынша балабақшада аурудың алдын алу, сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, денешынықтыру оқу қызметтері мен іс шаралар жүргізілетінін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптасқанын айтты. Баланың білім алу құқығы бойынша балабақшада тәрбиелеумен қатар оқыту процесі жүзеге асырылатынын ескертті. Әр жартыжылдық сайын ашық оқу қызметтері ұйымдастырылып, тәрбиешілердің қолданатын технологиясы мен заманауи материалдармен танысуға мүмкіндік болатынын атап өтті. Баланың дем алуға және бос уақытын тиімді пайдалануға құқылы екені Заңның 19-бабында көрсетілгенін айта отырып, балалардың бос уақытында түрлі үйірме жұмыстары мен іс шаралар, жаз мезгілінде сауықтыру шаралары жүргізілетінін атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.
2. Бала құқығының қорғалу жағдайына байланысты жұмыстар жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

С. М. Сәрсембеков
Г. Ж. Скендинова

Х. М. Сәрсембеков

Г. Ж. Скендинова